

Бекітемін:

«Димаш-М» б/б меңгерушісі

Ф.Ж.Спанова



**«ЖШС «Димаш-М» бөбекжай балабақшасының
білім беру қызметі бойынша
өзін-өзі бағалау құжаттары**



Жетісай ауданы 2024 жыл



**Түркістан облысы Жетісай ауданы білім бөлімінің «Димаш-М» бөбекжай
балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өзін-өзі бағалау нәтижелері
туралы ҚОРЫТЫНДЫ**

Жетісай ауданы
Жылысу ауылдық округі

2024 жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (*бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары*),

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 9 қарашадағы №1835 бұйрығына сәйкес 2024 жылғы наурызда «Димаш-м» бөбекжай балабақша жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (әрі қарай-балабақша) өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау балабақшаның 2024 жылғы 01 наурызда № 5 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

Комиссия төрайымы:	Ф. Спанова , балабақша меңгерушісі;
Комиссия мүшелері:	А. Жасұзақ, әдіскер;
	Б. Тобакабылова , тәрбиешісі
	Г. Джунисова , тәрбиеші
	Р. Байташова , тәрбиеші

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Димаш-М» бөбекжай балабақша ЖШС-ның үш жыл және ағымдағы жылдың қаңтар айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1) **Білім беру ұйымының толық атауы:** «Димаш-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы, нақты орналасқан жері).Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жылысу ауылдық округі, көшесі Б. Момышұлы, құрылыс 46,

- 2) Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон:87789223635, электрондық пошта: f.spanova-1974@bk.ru, web-сайт):Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт <https://dimashm-edu.kz/>)
- 3) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты-жөні, қызметіне тағайындалғаны туралы бұйрықтың көшірмесі).

Спанова Фарида Жанабаевна меңгеруші қызметіне балабақша құрылтайшысы А.Нарбутаеваның 2019 жылғы 01 қаңтарда № 01 бұйрығымен тағайындалған.

5)Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі). «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының : Жетісай ауданының тіркеу және жер кадастры бөлімі Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2014 жылғы 19 желтоқсанда берілген. БСН: 141240016380; «Димаш-М» бөбекжай -балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Балабақшаның медициналық лицензиясы № , берілген күні: 12.02.2015 жыл

6)Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2022 жылы 12 желтоқсан №KZ50PVK00042946хабарлама берілген.

7) «Димаш-М» бөбекжай балабақша ЖШС тәрбиешілердің телеграм <https://t.me/+fc900JLFfF8yMDIy>

2.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1. «Димаш-М» бөбекжай балабақша ЖШС» 2014 жылы 19 желтоқсанныан бастап жұмыс жасап келеді. Балабақша Білім берудің дамыту бағытында 2014 жылы 19 желтоқсан бағдарламасы негізінде 8 топқа ашылған. Бүгінгі уақытта тәрбиеленушілер саны 170. Балалар жас қағидаттары бойынша топтарға жасақталған. Балаларды жас топтарына бөлуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары басшылыққа алынады.

Балабақша ғимараты жаңа, ағымдағы жылдың шілде айында жаңадан 2 қабатты ғимарат салынған, онда балалар жүріп тұруына барлық жағдай жасалған.

ЖШС «Димаш -М» бөбекжай балабақшасында 8 топ жұмыс істейді, оның ішінде

- мектепалды топ (5 жастағы балалар)-1
- ересек топ (4 жастағы балалар)-2
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар)-3
- кіші топ (2 жастағы балалар)-2

«Ғарышкер» мектепалды

**«Балдаурен»
ересек**

**«Қарлығаш»
ересек**

**«Димаш-М»
балабақшасы**

**«Көгершін»
ортаңғы**

**«Жұлдыз»
ортаңғы**

**«Қарлығаш-1»
ортаңғы**

**«Бүлдіршін»
кіші**

**«Балапан»
кіші**



Мекеме екі қабатты, жылу, су электр жүйелері орталықтандырылған, телефон сымтетігімен қамтамасыз етіліп, интернетке қосылып, өртке қарсы дабыл (сигнализация) орнатылған.

Егу және оқшаулау бөлмелерден тұратын медициналық кабинет бар, төлқұжаттандырылған.

Балабақшада 12 бейне-камера бар, оның 10 іште, 2 сыртта орналасқан.

Барлық топтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ескеріліп, жаңа жиһаздармен, ойын және көрнекі құралдармен қамтамасыз етілген, дамытушы орталарға бөлінген. Әрбір топта жеке жатын, ойын, әжетхана және ас тарататын бөлмелері бар.

Балабақшада музыка және дене шынықтыру оқу іс әрекеттері топтарда ұйымдастырылады.

Топтарда балаларға арналған дене шынықтыру құралдары бала санына сай түгел жабдықталған.

Балабақша алаңында дене шынықтыру алаңы жабдықталған, онда секіруге, жүгіруге, еңбектеуге және тепе-теңдік сақтауға арналған жаңа құралдармен жабдықталып, толықтырылған.

Арнайы бөлінген даладағы алаңдарда ойын құралдары орналасқан. Алаңда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және күммен ойнайтын орындар орналастырылған.



Кәсіпорын қызметінің басымдықтарының бірі тәрбиеленушілердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне жағдай жасау болып табылады.

Балабақшада тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы медициналық сүйемелдеуді мейірбике және сауықтыру жөніндегі мейірбике қамтамасыз етеді.

Балабақшада балалардың баланстанған 4 реттік тамақтануы ұйымдастырылған. Барлық тағамдарды балабақшаның асханасында кәсіби аспаздар дайындайды.

Тамақтану балабақша меңгерушісімен бекітілген перспективті маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) ас мәзіріне сәйкес және соның негізінде ұйымдастырылады.

Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық- гигиеналық тәртіп сақтау жолы өте жақсы жолға қойылған. Күн тәртібі және балаларды тамақтану барысы үнемі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру- шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыстары медбикенің нұсқауымен жүргізіледі. Балалармен оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс- жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп тұрады. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер беріп тұрады. Балабақша қызметкерлері үнемі уақытылы медициналық тексеруден өткізіп отырады.

Дені сау бала тәрбиелеу және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін сауықтыру, күн тәртібі, қимыл белсенділігі, қимыл дағдыларын дамыту мәселелерінде ата аналарға бірыңғай талаптарды сақтауға ұсынылады.



№2.Балабақшаның тәрбиелік-білімдік бағдарламасы

ЖШС «Димаш-м »бөбекжай балабақшасы педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 499 бұйрығы **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын**, Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын**, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы**Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы** бұйрығын басшылыққа алып жоспарлайды. Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын **Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес** жоспарлайды

Балабақша жұмысының негізгі бағыттары:

- Өз денсаулығына саналы көзқараспен қарауға тәрбиелеу,қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиетін қалыптастыру
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде баланың танымдық дамуы, интеллектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру, танып-білуге қызығушылығын арттыру
- Әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік-бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу

2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер:

- Физикалық дағдыларды дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттықойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.
- Коммуникативтілік дағдыларды дамыту:балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруінқалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.
- Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.
- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

№2.Балабақшаның тәрбиелік-білімдік бағыты

2021-2022 оқу жылы жас ерекшелігі бойынша топтар		
1.	«Балдәурен » ересек топ (4 жастан бастап)	25 бала
2.	«Ғарышкер» ересек топ (4 жастан бастап)	25 бала
3.	«Қарлығаш» ересек топ (4 жастан бастап)	25 бала
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ (3 жастан бастап	25 бала
5.	«Көгершін» ортаңғы топ (3 жастан бастап)	25 бала
6	«Қарлығаш» кіші топ (2жастан бастап	25 бала
7.	«Бүлдіршін» кіші топ (2 жастан бастап)	25 бала
8	«Балапан» ерте жас тобы (1 жастан бастап)	25 бала
2022-2023 оқу жылы жас ерекшелігі бойынша топтар		
1	«Бүлдіршін» кіші топ (2 жастағы балалар)	25 бала
2	«Балапан» кіші топ (2 жастағы балалар)	25 бала
3	«Қарлығаш» ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	25 бала
4	«Жұлдыз » ортаңғы топ (3жастан бастап)	25 бала
5	«Көгершін » ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	25 бала
6	«Балдәурен » ересек топ (4 жастағы балалар)	25 бала
7	«Қарлығаш » ересек топ (4 жастағы балалар)	25 бала
8	«Ғарышкер» ересек топ (4 жастағы балалар)	25 бала
2023-20243 оқу жылы жас ерекшелігі бойынша топтар		
1	«Ғарышкер » мектепалды топ (5 жастағы балалар)	25 бала
2	«Балдәурен » ересек топ (4 жастағы балалар)	25 бала
3	«Қарлығаш » ересек топ (4 жастағы балалар)	25 бала
4	«Көгершін» ортаңғы топ (3 жастан бастап)	25 бала
5	«Жұлдыз » ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	25 бала
6	«Қардлығаш-1» ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	25 бала
7	«Бүлдіршін » кіші топ (2 жастағы балалар)	25 бала
8	«Балапан » кіші топ (2 жастағы балалар)	25 бала

Тамыз айынан бастап балаларды балабақшаға қабылдау жүргізіліп,балалардың жас қағидаттары бойынша топқа жасақталады.

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – **ҮОЖ**) талаптарына сәйкестігі;

2021-2022 оқу жылында балабақшада 8 топ жасақталды, олар «Балапан» ерте жас, «Бүлдіршін» және «Қарлығаш-1» кіші топ, «Көгершін» және «Жұлдыз» ортаңғы топ және «Қарлығаш», «Ғарышкер» және «Балдаурен» ересек топ жасақталды.

2021-2022 оқу жылында «Димаш-М» бөбекжай балабақшасында оқыту мен тәрбиелеу процесі Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы мен осы министрліктің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және Мектепке дейінгі балалық шақ орталығы ұсынған «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығына енгізіліп топтардың оқу жоспары дайындалды

«Балапан» (1 жас бастап) ерте жас топта «Денсаулық» -108 сағат; «қатынас» -36 сағат; «Таным» -36 сағат; «шығармашылық» -72 сағат, «Әлеумет» -0 сағат, барлығы топтың жылдық оқу жүктемесі -252 сағат;

«Бүлдіршін» және «Қарлығаш-1» (2 жас бастап) кіші топта «денсаулық-3» -108 сағат; «қатынас-1» -36 сағат; «Таным-2» -72 сағат; «шығармашылық-3» -108 сағат, «Әлеумет» -0 сағат, барлығы топтың жылдық оқу жүктемесі -324 сағат;

«Көгершін» және «Жұлдыз» (3 жас бастап) ортаңғы топта «Денсаулық-3» -108 сағат; «Қатынас-2» -72 сағат; «Таным-2,5» -90 сағат; «Шығармашылық-3» -108 сағат, «Әлеумет-0,5» -18 сағат, «вариативтік компонент-1: «Ертегілер елінде» -36 барлығы топтың жылдық оқу жүктемесі -432 сағат;

«Қарлығаш», «Жұлдыз» және «Балдаурен» ересек топтарда (4 жас бастап) «денсаулық» -108 сағат, «қатынас» -90 сағат, «таным» -90 сағат, «шығармашылық» -126 сағат, «әлеумет» -18 сағат, вариативтік компонент-2 «Көңілді бояулар» -36 сағат, «Зерттеу-іздігіру ойындар» -36 сағат, барлық жылдық оқу жүктемесі вариативті компонентті қоса есептегенде -504 сағат.

(мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес бес білім беру саласының оқу қызметіндегі пәндердің апталық сағат саны, оның орындалуы)

2022-2023 оқу жылына «Димаш-М» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары:

2022-2023 оқу жылында балабақшада 8 топ жасақталды, оның ішінде: «Балдаурен», «Ғарышкер» және «Қарлығаш» ересек топтар(4 жастағы балалар), «Көгершін» , «Жұлдыз» және «Қарлығаш-1» ортаңғы топтар(3 жастағы балалар); «Бүлдіршін» және «Балапан» кіші топ (2 жастағы балалар) барлық топтар

Бөбекжай балабақша Үлгілік қағидалардың 11-тармағы бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» талаптарына сай балабақша қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделі отырып әзірленді.

Үлгілік қағидалардың 14-тармағы бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы Бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі .
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;

- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Кіші топтар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздері, күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеттері

«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп өтіледі.

22-23 оқу жылындағы әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жоспарлары: перспективалық жоспар және тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммаларының көшірмелері https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтқа жүктелді.

2023-2024 оқу жылында балабақшада 8 топ жасақталды, оның ішінде: «Ғарышкер» мектепалды топтар (5 жастағы балалар), «Балдаурен» және «Қарлығаш»

ересек (4 жастағы балалар); «Көгершін», «Жұлдыз» және «Қарлығаш-1» ортаңғы топ (3 жастағы балалар) және «Балапан» және «Бүлдіршін» кіші топ (2 жастағы балалар) топтар 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту жұмыстары жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің бұйрығына және Балаларды ерте дамыту институты әзірлеген «Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа» сәйкес жобалады. Топтардың перспективалық жоспары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммаларында өзгерістер жоқ. 2023-2024 оқу жылындағы топтардың перспективалық жоспары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтқа жүктелді

Білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету

«Димаш-М» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тармағына сәйкес вариативтік оқу жоспарының кестесі, вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары 2022 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте балалардың қызығушылығы мен дағдысын ескере келе қарастырылып, бекітілді: 2021-2022 оқу жылында «Балдаурен», «Ғарышкер» және «Қарлығаш» ересек тобында «Көңілді бояулар», «Зерттеу – іздестіру ойындар», «Көгершін» және «Жұлдыз» ортаңғы топтарда «Ертегілер елінде» тақырыптарында вариативтік жұмыс жоспарлары бекітілді.

Қорытынды: Оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес/сәйкес келмейді.

-
- *Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:*
 - *МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.*
 -
-

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарлары

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша
және 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымша негізінде түзілді*

Топтардың 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

№	Білім беру салалары/Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы					
		Ерте жас тобы «Балапан» (1 жасанбастан)		Кіші топ «Бүлдіршін» «Қарлығаш-1» (2 жасанбастан)		Ортаңғы топ «Көгершін» «Жұлдыз» (3 жасанбастан)	
1	«Денсаулық»	3	108	3	108	3	108
	Дене шынықтыру	3	108	3	108	3	108
	Қауіпсіз мінез құлық негіздері	-	-	-	-	-	-
2	«Қатынас»	1	36	1	36	2	72
	Сөйлеуді дамыту	0,5	18	0,5	18	1	36
	Көркем әдебиет	0,5	18	0,5	18	0,5	18
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	-	-
	Орыс тілі	-	-	-	-	0,5	18
3	«Таным»	1	36	2	72	2,5	90
	Математика негіздері	-	-	-	-	1	36
	Сенсорика	0,5	18	0,5	18	-	-
	Құрастыру	-	-	0,5	18	0,5	18
	Жаратылыстану	0,5	18	1	36	1	36
4	«Шығармашылық»	3	108	3	108	3	108
	Сурет салу	0,5	18	1	36	1	36
	Мүсіндеу	0,5	18	0,25	9	0,25	9
	Жапсыру	-	-	0,25	9	0,25	9
	Музыка	1	36	1,5	54	1,5	54
5	«Әлеумет»	-	-	-	-	0,5	18
	Өзін-өзі тану	-	-	-	-	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	-	-	-	-	0,5	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 минут		10-15 минут		15-20 минут	
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі		252	9	324	11	396
8	Вариативтік компонент		-		-	1 (Ертегілер елінде)	36
9	Барлығы		252	9	324	12	432

Топтардың 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

№	Білім беру салалары/Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы	
		Ересек топ «Қарлығаш» «Балдаурен» «Ғарышкер» (4 жастан бастап)	
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	2,5	90
	Сөйлеуді дамыту	1	36
	Көркем әдебиет	1	36
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	0,5	18
3	«Таным»	2,5	90
	Математика негіздері	1	36
	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3,5	126
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,5	18
	Жапсыру	0,5	18
	Музыка	1,5	54
5	«Әлеумет»	0,5	18
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	0,5	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	20-25 минут	
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	12	432
8	Вариативтік компонент	2	72
9	Барлығы	14	504

"Димаш-М" бөбекжай балабақшасы ЖШС-ның
2022-2023 оқу жылына арналған оқужұмыс жоспары
 Топтардың 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балапан» «Бүлдіршін» кіші тобының (2 жастағы балалар)		«Қарлығаш-1» «Көгершін» «Жұлдыз» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар)		«Қарлығаш» «Балдаурен» «Ғарышкер» ересек топ (4 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3		3		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Қазақ тілі	-	-		1		1
	Қазақ тілі ***	-	-	күн сайын		күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
5	Сурет салу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Жапсыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Құрастыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
6	Музыка		1		1		2
	Музыка***	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
7	Барлығы:		4		5		6

**«Димаш-М» бөбекжай балабақшасы ЖШС-ның
2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары**

**«Ғарышкер» мектепалды тобының (5жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына арналған
оқу жұмыс жоспары**

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
2	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
	Сауат ашу негіздері		3 сағат
3	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Топтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балапан» «Бүлдіршін» кіші тобының (2 жастағы балалар)		«Көгершін» «Жұлдыз» «Қарлығаш-1» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар)		«Балдаурен» «Қарлығаш» ересек топ (4 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3		3		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Қазақ тілі	-	-		1		1
	Қазақ тілі ***	-	-	күн сайын		күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
5	Сурет салу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Жапсыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Құрастыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
6	Музыка		1		1		2
	Музыка***	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
7	Барлығы:		4		5		6

Бағаланатын кезеңге арналған топтардың оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары . ұйымдастырылған оқу іс –әрекет кестесі мен күн тәртібі балабақшаның https://dimash-edu.kz/?pade_id=34)сайтына жүктелді .

Қортынды :Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы. Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес келеді/ сәйкес келмейді

- **Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау**
-

Оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке дамукартасы әзірленді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытындыбақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізіледі. Топтың мониторингінен алынған деректер негізінде оқу жылына Баланыңжеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке дамыту картасын толтырукезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болғанжағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізді. Тәрбиешілер жыл бойына балаларды зерттеу арқылы бағдарлама талаптарының орындалуында баланың меңгере алмаған дағдыларын әр баланың жеке даму карталарына толтырды. Сол арқылы алдаға уақытта ол баламен жетілдіру жұмыстарын жобалады. Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар ақпан-сәуір, қорытындыбақылау нәтижесіндегі шаралар маусым-шілде айларында жүргізілді.Қорытындыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқубағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың дамудеңгейі жазылады.

Топтардың 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылына арналған жеке даму карталары балабақшаның балабақшаның https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтына жүктелді .

- **Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау; үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;**
-

Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторингінің) болуы.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар:білім беру ұйымдарының барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму мониторингінің, жоспарларының (карталарының) көшірмелері.

2021-2022 оқу жылында мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі «Балалық шақ» республикалық орталығы» базасында әзірленген «Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдары» негізінде жасалды.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша білім ,білік және дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау.

2021-2022 оқу жылында бастапқы, аралық, қортынды мониторинг 8 топ 200 баламен жасалды

2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеленушілердің меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеру бойынша мониторингке қатысқан жалпы бала саны-200.

Бастапқы мониторинг 8 топпен жасалды.

«Балдәурен» ересек топ-25 бала, «Ғарышкер» ересек топ-25 бала, «Қарлығаш» ересек топ-25 бала, «Жұлдыз» ортаңғы топ-25 бала, «Көгершін» ортаңғы топ-25 бала, «Қарлығаш-1» кіші топ-25 бала, «Бүлдіршін» кіші топ-25 бала, «Балапан» ерте жас тобы-25 бала.

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» ерте жас топ	25	5(20%)	12 (48%)	8(32%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	25	6(24%)	13 (52%)	6(24%)
3	«Қарлығаш-1» кіші топ	25	4(16%)	14(56%)	7(28%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	4(16%)	13 (52%)	8(32%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	4(16%)	13 (52%)	8(32%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	4(16%)	14(56%)	7(28%)
7	«Ғарышкер» ересек топ	25	5(20%)	12 (48%)	8(32%)
8	«Балдәурен» ересек топ	25	3(12%)	12 (48%)	10(40%)
	Барлығы	200	35(17%)	103(52%)	62(31%)

Аралық бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» ерте жас топ	25	5(20%)	14(56%)	6(24%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	25	5(20%)	14(56%)	6(24%)
3	«Қарлығаш-1» кіші топ	25	5(20%)	13 (52%)	7(28%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	5(20%)	13 (52%)	7(28%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	4(16%)	13 (52%)	8(32%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	3(12%)	12 (48%)	10(40%)
7	«Ғарышкер» ересек топ	25	5(20%)	13 (52%)	7(28%)
8	«Балдәурен» ересек топ	25	5(20%)	12 (48%)	8(32%)
	Барлығы	200	37(18%)	104(52%)	59(30%)

Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» ерте жас топ	25	0(0%)	15(60%)	10(40%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	25	0(0%)	14(56%)	11(44%)
3	«Қарлығаш-1» кіші топ	25	0(0%)	13 (52%)	12(48%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	0(0%)	14(56%)	11(44%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	0(0%)	14(56%)	11(44%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	0(0%)	13 (52%)	12(48%)
7	«Ғарышкер» ересек топ	25	0(0%)	13 (52%)	12(48%)
8	«Балдәурен» ересек топ	25	0(0%)	13 (52%)	12(48%)
	Барлығы	200	0(0%)	109(55%)	91(45%)

Жалпы балабақша бойынша:

Бастапқы: I деңгей- 35 (28%) II деңгей- 103 (52%) III деңгей- 62 (31%)


Аралық: I деңгей- 37(18%) II деңгей- 104(52%) III деңгей- 59 (30%)

Қорытынды: I деңгей- 0(0%) II деңгей-109(55%) III деңгей- 91 (48%)

Бастапқы мониторингте I деңгейдегі бала 39 бала болса, қортынды мониторингте 0 балаға төмендеген.

III деңгейдегі бала саны бастапқы мониторингте 62 баладан- 91 балаға көтерілген.

2021-2022 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды диагностикалық мониторингтің диаграммасы (бала саны мен пайызы бойынша көрсеткіші)



2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеленушілердің меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеру бойынша аралық және қортында мониторингке қатысқан жалпы бала саны-190.

Бастапқы мониторинг 8 топпен жасалды.

«Балдәурен» ересек топ-25 бала, «Ғарышкер» ересек топ-25 бала, «Қарлығаш» ересек топ-25 бала, «Жұлдыз» ортаңғы топ-25 бала, «Көгершін» ортаңғы топ-25 бала, «Қарлығаш-1» ортаңғы топ-25 бала, «Бүлдіршін» кіші топ-25 бала, «Балапан» кіші топ-25 бала -25 бала.

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	25	7(28%)	13 (52%)	5(20%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	25	7(28%)	13 (52%)	5(20%)
3	«Қарлығаш-1»ортаңғы топ	25	7(28%)	11(44%)	7(28%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	7(28%)	11(44%)	7(28%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	7(28%)	11(44%)	7(28%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	7(28%)	11(44%)	7(28%)

7	«Ғарышкер» ересек топ	25	3(12%)	13 (52%)	9(36%)
8	«Балдәурен » ересек топ	25	4(16%)	13 (52%)	8(32%)
	Барлығы	200	49(24%)	96(48%)	55(28%)

Аралық бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі 2022-2023 оқу жылында аралық мониторинг 190 баламен өткізілді

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	3(15%)	10 (50%)	7(35%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	20	3(15%)	10 (50%)	7(35%)
3	«Қарлығаш-1»ортаңғы топ	25	4(16%)	14(56%)	7(28%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	2(8%)	9(36%)	14(56%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	3(12%)	13 (52%)	9(36%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	3(12%)	14(56%)	8(32%)
7	«Ғарышкер» ересек топ	25	7(28%)	13 (52%)	5(20%)
8	«Балдәурен » ересек топ	25	3(12%)	13 (52%)	9(36%)
	Барлығы	190	28(14%)	96(51%)	66(35%)

Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	1(5%)	11 (55%)	8(40%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	20	1(5%)	11 (55%)	8(40%)
3	«Қарлығаш-1»ортаңғы топ	25	1(4%)	13 (52%)	11(44%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	1(4%)	13 (52%)	11(44%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	1(4%)	13 (52%)	11(44%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	1(4%)	14(56%)	10(40%)
7	«Ғарышкер» ересек топ	25	2(8%)	13 (52%)	10(40%)
8	«Балдәурен » ересек топ	25	1(4%)	13 (52%)	11(44%)
	Барлығы	190	9(5%)	101(53%)	80(42%)

2022-2023 оқу жылында балалардың оқу бағдарламасын игеруі жақсы көрсеткіштерге көтерілді. Жалпы балабақша бойынша бастапқы мониторинг кезінде


Бастапқы: I деңгей- 49 (24%) II деңгей- 96 (48%) III деңгей-55 (28%)

Аралық: I деңгей-28(14%) II деңгей- 96(51%) III деңгей- 66 (34%)

Қорытынды: I деңгей- 9(5%) II деңгей-101(53%) III деңгей-80 (42%)

Оқу жылының аяғында жоғары деңгейлегі балалар үлесі 28%)-тен 42%-ға жоғарылады, ал төменгі деңгейдегі балалар үлесі 24%-дан 5%-ға төмендеген.

2022-2023 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды диагностикалық мониторингтің диаграммасы (бала саны мен пайызы бойынша көрсеткіші)



2023-2024 оқу жылында мониторинг 190 баламен өткізілді. Топтар бойынша «Балапан» кіші топ-20 бала, «Бүлдіршін» кіші топ-20 бала, «Көгершін» ортаңғы топ-25 бала, «Жұлдыз» ортаңғы топ-25 бала, «Қарлығаш-1» ортаңғы топ-25 бала, «Балдаурен» ересек топ-25 бала, «Қарлығаш» ересек топ-25 бала, «Ғарышкер» мектепалды топ-25 бала

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	3(15%)	10 (50%)	7(35%)
2	«Бүлдіршін»кіші топ	20	3(15%)	10 (50%)	7(35%)
3	«Қарлығаш-1»ортаңғы топ	25	4(16%)	14(56%)	7(28%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	2 (8%)	9(36%)	14(56%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	3(12%)	13(52%)	9(36%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	3(12%)	14(56%)	8(32%)
7	«Балдәурен » ересек топ	25	3(12%)	13 (52%)	9(36%)
8	«Ғарышкер» мектепалды топ	25	5(20%)	11 (44%)	9(32%)
	Барлығы	190	26 (14%)	94(49%)	70(37%)


Аралық бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	3(15%)	10 (50%)	7(35%)

2	«Бүлдіршін» кіші топ	20	3(15%)	10 (50%)	7(35%)
3	«Қарлығаш-1» ортаңғы топ	25	4(16%)	14(56%)	7(28%)
4	«Жұлдыз» ортаңғы топ	25	2 (8%)	9(36%)	14(56%)
5	«Көгершін» ортаңғы топ	25	3(12%)	13(52%)	9(36%)
6	«Қарлығаш» ересек топ	25	3(12%)	14(56%)	8(32%)
7	«Балдәурен » ересек топ	25	3(12%)	13 (52%)	9(36%)
8	«Ғарышкер» мектепалды топ	25	5(20%)	11 (44%)	9(32%)
	Барлығы	190	26(14%)	94(49%)	70(37%)

2022-2023 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды диагностикалық мониторингтің диаграммасы (бала саны мен пайызы бойынша көрсеткіші)



Тәрбиеленушілердің бағдарламаны игеруі бойынша мониторинг жүйелі жүргізілді. Топтардың бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг нәтижелері https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтына жүктелді.

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері, штаттық кесте.

Талдау нәтижелері: осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған тәрбиешілердің сапалық құрамын және т.б. құжаттарды зерделей келе, төмендегіні атап көрсетеді.

2023-2024 оқу жылында «Димаш-м» бөбекжай балабақша ЖШС да қыркүйек айында қыркүйек айында жаңа оқу жылына арнап тарификация жасалды. Педагогтар құрамы 9 қызметкерді құрайды. Оның ішінде тәрбиешілер саны-8. Жоғары білімді -7, арнаулы орта білімді -1 тәрбиеші. Педагогтардың санаттары: жоқ

Балабақша педагогтарының арасында мектепке дейінгі мамандығы бар педагогтардың пайыздық үлесі 11 %. Барлық тәрбиешілер Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша «Маман оқу өндірістік орталығында 404 академиялық курс сертификатын алды. Сертификаты бар тәрбиешілердің пайыздық үлесі 100%

Балабақшадағы педагогтар мен тәрбиешілердің дипломдары мен қайта даярлау курс сертификаттары көшірмелері балабақшаның https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтына жүктелді

Балабақша әкімшілігі балаларға жаңартылған білім беру мақсатында педагогтар білімдерін жетілдіруді өзекті мақсат етіп қояды.

Меңгеруші Ф.Спанова «Мектепке дейінгі білім берудегі әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық педагогикалық аспектілеру» біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бойынша 72 академиялық көлемінде курсты аяқтады.

Лицензия №7414, берілген күні 16.03.2021 жыл

Тасқараева Дина Расуловна «Мектепке дейінгі білім берудегі әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық педагогикалық аспектілеру» біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бойынша 72 академиялық көлемінде курсты аяқтады.

Лицензия №7512, берілген күні 16.03.2021 жыл

Тасқараева Дина Расуловна «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарының ойын күзінеттілігін дамыту» тақырыбында «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» ұйымдастырған курсы оқып біліктілігін арттырды

Лицензия №0521637, берілген күні 29.04.2022 жыл

Джунисова Гулжан Бахтияровна «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарының ойын күзінеттілігін дамыту» тақырыбында «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» ұйымдастырған курсы оқып біліктілігін арттырды

Лицензия №0521624, берілген күні 29.04.2022 жыл

Тасқараева Дина Расуловна «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» ұйымдастырған «Мектепке дейінгі ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде «М. Монтесори педагогикасын қолдау жолдары» оқыту семинарына қатысып сертификатын алды №687, 2022 жыл.

Джунисова Гулжан Бахтияровна «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» ұйымдастырған «Мектепке дейінгі ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде «М. Монтесори педагогикасын қолдау жолдары» оқыту семинарына қатысып сертификатын алды №674, 2022 жыл.

- білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

-«Димаш-М» бөбекжай балабақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

Балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі бекіткен №499 бұйрық «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Балабақша ұжымының барлық жұмысы алға қойған мақсатқа қол жеткізуге бейімделген: мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық жан-жақты дамуы, оның физикалық және эмоционалдық денсаулығын сақтау және нығайту үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының – педагогтардың, ата-аналардың және балалардың өзара тиімді әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

Балабақша тәрбиешілері оқу қызметтерді балаларға салмақ салмай, тәрбие лік, дамытушылық, білімділік мақсаттар мен міндеттердің бірізділігін қамтамасыз етіп жобалайды. Педагогикалық үдерісте заманауи тәсілдерді қолданады. (мнемоекесте жиынтығы, тілдік ,музыкалық дидактикалық ойындар, қимылды ойындар)

Биылғы 2023-2024 оқу жылында балабақшада оқу қызметтер Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді (ҚРБҒМ 2016.12.08 №499 бұйрығымен бекітілген). Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру «Физикалық қасиетті дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын (зерттеу іс-әрекетін дамыту)», «Әлеуметтік –эмоциялды дағдыларды қалыптастыру» білім салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етілді. Сонымен бірге вариативті компонент мақсаттарын тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарымен ұштастыра жобалау арқылы би үйрену, шығармашылық шеберлігін дамыту бойынша дамыту сабақтарын өткізді.

Біздің бөбекжай-балабақшаларда командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін: «Тізбек», «Қырықаяқ», «Сиқырлы күйсандық», «Шатасу», «Күлкінді тарат», «Киіз үй», «Арқан» ойындары қолданылады. Бұл ойындар ҰОҚ-тен бос уақытта ғана жүргізілмейді, сонымен қатар музыка мен дене шынықтыру бойынша ҰІӨ- ке бекітіледі. Қазіргі заманғы қоғам мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалығына көбірек талап қоя бастағандықтан балабақшадағы педагогтардың да заман талабына сай жаңаша технологияларды игеруі қажет. 4к моделін ендіру үшін педагогтармен «Тәрбиешілер үшін Креативтілік» тренингі өткізілді. Сонымен бірге педагогикалық кеңесте «4к моделі

арқылы қандай нәтижеге қол жеткізуге болады» және «Балаларды оқытуда сыни ойлау технологиясын қалай пайдалану керек» тақырыбында баяндама оқылылды.

Ағымдағы жылы осы мақсатты толықтыру мақсатында келесі мақсаттар таңдалды.
2023-2024 оқу жылының мақсаттары:

-Физикалық дағдыларды дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

-Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

-Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

-Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған.

Балабақшадағы ашық сабақтар, ойын - сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген.

Балалардың денсаулығын нығайту балабақшаның жылдағы міндетінен алынбайды. Жыл сайын күрделеніп мақсатқа қойылып келеді. Жылдық мақсатты орындау балабақша ішкі семинарда жолға қойылған.

Балабақшадан салауатты өмір салтын қалыптасытыруға арналған жұмыс түрлері жақсы жүйелі жолға қойылған. Дене шынықтыру сауық кештері мен денсаулық күндері жоспарлы түрде сауықтыру – шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар: «Жазбен кездесу», «Спортта суықпен шайқасамыз», «Бейберекет мереке», «Бант күні» өткізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша тәрбиешілері болашақ мектеп оқушыларын қалыптастыру мақсатында мектептің дайындық тобы тәрбиешілерімен тығыз қарым қатынаста болады. Мектеп педагогтарын, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» шақырып өз тәжірибелері мен ұсынастарымен бөліседі.

Мектепке дейінгі баланың ақыл – ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты

негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында Триз «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Дәстүрден тыс әдістер пайдалану сенсорлық тәрбие мен Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, алма ағашына алмаларды орналастыру, сыдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.

2023—2024 оқу жылында кіші топ тәрбиешілері Р.Байташова, «Ғажайып қорап», «Бауырсақты құтқарамыз» жана технологиясының элементтері бойынша ашық оқу қызметін өтті. Мектеп алды даярлық топта Г.Джунисова «Жеті лақ ертегісі математика әлемінде» негізделген оқу қызметін, Д.таскараева салауатты өмір салтына арналған «Біз спортшыл балақай!» кешенді оқу қызметін өткізіп, әріптестерімен тәжірибе бөлісті.

Тәрбиешілер қызметі ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекетінде, тәрбиеленушілердің өзіндік іс-әрекетінде негізгі білім беру іс-әрекеті шеңберінде ғана емес, сонымен қатар режимдік сәттер барысында да білім беру міндеттерін шешуді қарастырды. Сабақ барысында дәстүрлі (бақылау, әңгімелесу, салыстыру, мониторинг, жеке жұмыс), сонымен қатар дәстүрлі емес жұмыс әдістері (психогимнастика, саусақты гимнастика, тыныс алу гимнастикасы, ТРИЗ элементтері және т. б.) қолданылды. Балалардың тілін дамыту бойынша тиімді әдістер мен мнемотехника арқылы оқу қызметте балалар белсенділігін арттырады.

Жыл бойы педагогтар мыналарға көңіл бөлді:

өнімді және театрландырылған қызмет арқылы балалардың коммуникатив-тік қабілеттерін дамытудың тиімді нысандарын енгізуге; тіл дамытудың заманауи, белсенді әдістерін қолдануға.

Жекелеген педагогтар дидактикалық және дамытушы, соның ішінде педагогтар мен ата-аналардың бірлескен күшімен дайындалған ойындар мен оқу құралдарын белсенді қолданды, мысалы: мнемокестелер, кітапшалар, тақырыптық шағын кітапшалар; ойын және тосынсый тәсілдері мен жаттығулары, ақыл-ой және тілдік логикалық тапсырмалар. Тәрбиешілер 2022 жылдан бастап мнемотехника кестелерінің жиынтығын дайындап, осы кестелер арқылы «Қатынас» білім дағдысы бойынша балалардың сөздік қорын молайтуда, сөйлеу мәнеріне, сөз мағынасын толық түсінуіне және жеткізе білуіне оң әсерін тигізуде. Мнемотехника әдісі арқылы тек тақпақтар мен ертегілер айтқызу ғана емес, сонымен бірге мақал-мәтел мен жаңылтпаштар жаттауға да пайдаланылып келеді. Мысалы «Сурет арқылы мақал құра», «жаңылтпаштар жинағы» арқылы балалар көп мақалдар мен жаңылтпаштар жаттап алды және ұзақ есінде сақтап қала алды. Осы іс – әрекеттер көбіне бес аймақтарды қамти отырып, балаларды ойлау сапасының тез, шапшаң ойлауы, ойлау кеңдігі, икемді ойлау өз бетімен ойлау сияқты көріністерді қамтуға бағытталып отырады.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», білім дағдысы бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған

табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық.

Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістеріне тоқталсақ, ортаңғы топ тәрбиешілері «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», пайдалануды жақсы жолға қойылды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешені (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.

Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында тәрбиешілер «Тіл тірегі Ұлы Абай» тақырыптық оқу қызметін өткізді

Балабақшамызда тәрбиешілеріміздің шеберліктерін арттыру мақсатында семинарлар, консултациялар, дөңгелек үстел, байқаулар, сайыстар өткізілді.

Сайыста өз өнерімен озып шыққан тәрбиешіміз марапатталды

Педагогтардың шеберлігін шыңдау, жылдық жоспар мақсатын терең түсіну және орындау мақсатында шеберлік сыныптар, дөңгелек үстелдер мен тренингтер жүйелі өткізіліп тұрады. Мысалы «Әдістемелік іс шара режессу расы: идеядан нәтижеге дейін» «Дарынды балалар кинезологиясы» шеберлік сағатта тәрбиешілер балаларды жан –жақты дамыту идеяларымен бөлісті. Сонымен бірге семинар –практикумдарда Бизиборд тақтайшасын қалай құру және Лулия шеңберін пайдалану, Вокобович ойын құралдарын жасау, Дене шынықтыру оқу қызметінде дәстүрден тыс құралдар арқылы бала белсенділігін арттыру тақырыптары арқылы шеберліктері шындалды. Тәрбиешілеріміз оқу қызметінде әр түрлі салаларды, тақырыпқа сай жоспар бойынша мән-мағынасын біріктіреді.

Тәрбиешілер қызметі ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекетінде, тәрбиеленушілердің өзіндік іс-әрекетінде негізгі білім беру іс-әрекеті шеңберінде ғана емес, сонымен қатар режимдік сәттер барысында да білім беру міндеттерін шешуді қарастырды. Сабақ барысында дәстүрлі (бақылау, әңгімелесу, салыстыру, мониторинг,

жеке жұмыс), сонымен қатар дәстүрлі емес жұмыс әдістері (психогимнастика, саусақты гимнастика, тыныс алу гимнастикасы, ТРИЗ элементтері және т. б.) қолданылды

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды :

Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту. Өзіне және қоршаған адамдарға пайдасын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.

Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасын дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, сәйкеске елді/сәйкес келмейді.

Балабақшаның жабдықтармен жабдықталуы заттық дамытушы орта және оқу материалдық активтер

ЖШС «Димаш-м» бөбекжай балабақшасындағы заттық-кеңістіктік дамытушы орта жарақтандырылып, онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқада жарақтарды пайдалану жолға қойылған. Балабақшадағы балаларға арналған құралдар мен көрнекіліктер қауіпсіз, таза өнімдерден жасалған заттар, жиһаздар бала жасына сай тандалған.

Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы газбен жылытылады. Кәріз бен жылу жүйесі автономды. Балабақшаның әрбір топ бөлмесі өрт-дабыл қондырғылары және бейнебақылау камераларымен, кварцпен жабдықталған. Балабақшада интернет бар. Топтық және жататын бөлмелер бір-бірінен бөлінген. Әр бір топтың өзінің бөлек есігі бар. Балабақшамызда баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Топтары таза, кең, жарық, ойыншықтары мол. Әкімшілік бөлмелері, қойма, кір жуу орны және медицина бөлмелері бар. Балабақша ғимараты алдында ас әзірлейтін асхана бар, талапқа сай жабдықталған. Балабақша учаскелерінде әр топтың өз серуендейтін жері бар, мұнда әрбір жас ерекшелігіне сәйкес ойын құрал-жабдықтарымен қамтамыз етілген. Арнайы ойын-сауық өткізу үшін, жазғы уақыт аралығында балалармен қимыл ойындар мен дене жаттығуларын ұйымдастыруды көздейтін спорттық алаңы бар. Бала денсаулығын нығайтатын ойын құралдары бар спорт алаңдары, әр топқа арналған көлеңкелі саяжайлары бар, олар ойын құралдарымен: карусель, әткеншектер,

сырғанақ төбешіктері, құм толтырылған бастырмалармен жабдықталған. Жазғы шомылуға арналған ашық бассейн бар. Ғимарат айналасы түрлі ағаштар, гүлзарлармен көгалдандырылған. Медицина бөлмелері: емшара бөлмелері, окшаулау бөлмесі, балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен, кварцпен және дәрідәрмекпен, санитарлық қағидаларға 12-қосымшаға сай құрал-саймандармен жабдықталған. ЖШС «Димаш-м» бөбекжайбалабақшасы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериал, фото суреттер, жабдық пен жиһазға арналған жүкқұжаттардың көшірмелері, бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмесі әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтына қоса берілді. Үлгілік қағидалардың 9-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады» талабы бойынша құжаттары, жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтына ұсынылды.

Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы.

ЖШС «Димаш-М» бөбекжай балабақшасының мектепалды «Ғарышкер» тобында 25 тәрбиеленушінің ата-аналарынан сауалнама аттестаттау Комиссиясының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеруін» бағалау бойынша жүргізілетіні туралы ересек топ ата-аналарына түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Қорытынды:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын**,сәйкескееелді/сәйкес келмейді.

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

ЖШС «Димаш-м» бөбекжай-балабақшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 25- тармағына сәйкес тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтай отырып, оқу жылы басында топтастыру қарастырылған. Үлгілік қағидалардың 6-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, топтар жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталған. Үлгілік қағидалардың 7-тармағы бойынша «Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы»:

- 1) ерте жас тобы (1 жастағы балалар) – 10 баладан артық емес;
- 2) кіші топ (2 жастағы балалар) – 20 баладан артық емес;
- 3) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес;
- 4) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- 5) мектепалды даярлық тобы (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 9-қосымшаға сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері.

Талдау нәтижелері: талдау үшін ұсынылған оқушылар тізімінде балабақша (мектепалды даярлық сыныбы) Стандартта көрсетілген жас кезеңдерін көрсете отырып, әр топтағы бала саны көрсетіледі.

«Димаш-М» бөбекжай балабақшасындағы 2023-2024 оқу жылындағы тәрбиеленушілер контингенті

2023-2024 оқу жылында қыркүйек айында төмендегі кесте бойынша 8 топ жасақталды:

Топ/сынып атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеле нушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	6
«Балапан» кіші топ	қазақ тілі	20		20				
«Бүлдіршін»кіші топ	қазақ тілі	20		20				
«Қарлығаш-1» ортаңғы топ	қазақ тілі	25			25			
«Жұлдыз» ортаңғы топ	қазақ тілі	25			25			
«Көгершін» ортаңғы топ	қазақ тілі	25			25			

«Қарлығаш» ересек топ	қазақ тілі	25				25		
«Балдәурен » ересек топ	қазақ тілі	25				25		
«Ғарышкер» мектепалды топ	қазақ тілі	25					25	
Барлығы	қазақ тілі	190		40	75	50	25	

2022-2023 оқу жылында 8 топ жасақталды жылдан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі—Стандарт) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидасына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес қағиданың 1-қосымшасының 1-тарау, 7) тармақшасында жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша балабақшада жас топтарының толықтырылуын негізге ала отырып, топтар жас ерекшеліктеріне қарай төмендегі кесте бойынша қайтадан жасақталды:

Топ/сынып атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеле нушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	6
«Балапан» кіші топ	қазақ тілі	20		20				
«Бүлдіршін»кіші топ	қазақ тілі	20		20				
«Қарлығаш-1»ортаңғы топ	қазақ тілі	25			25			
«Жұлдыз» ортаңғы топ	қазақ тілі	25			25			
«Көгершін» ортаңғы топ	қазақ тілі	25			25			
«Қарлығаш» ересек топ	қазақ тілі	25				25		
«Ғарышкер» ересек топ	қазақ тілі	25				25		
«Балдәурен » ересек топ	қазақ тілі	25				25		
Барлығы		190		40	75	75		

«Димаш-М» балабақшасы ЖШС бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, <https://dimash-edu.kz> сайтына жолданды.

Үлгілік қағидалардың 10-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер» жоқ, тіркелмеген.

Үлгілік қағидалардың 26-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, "Білім туралы" Заңның 63- бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталады» талабы ата-аналар тарапынан өтініш түспегендіктен қарастырылмады.

Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарымқатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес ата-аналармен келісім шарт тіркеу журналы, келісім шарт көшірмесі https://dimash-edu.kz/?pade_id=34 сайтына ұсынылды.

Қорытынды:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына , сәйкескеледі/сәйкес келмейді.**

Қорытынды:«Димаш-М» ЖШС-нің білуім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді/сәйкес келмейді.

Балабақша меңгерушісі



Ф.Спанова